

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Лазерлік дальномер

 **RGK** **D30**  
**D50**



## **Мазмұны:**


1. Қауіпсіздік шаралары	4
2. Батареяларды орнату және ауыстыру	5
3. Интерфейс	6
4. Жұмысты бастау	7
5. Өлшем бірліктерін орнату	7
6. Өлшеулердің бастапқы нүктесі	7
7. Жарықтандыруды қосу/сөндіру	7
8. Өлшеу режимдері	8
9. Пайда болуы мүмкін проблемалар, олардың себептері мен шешу жолдары	10
10. Техникалық сипаттамалары	11
11. Жинақ	11

## 1. Қауіпсіздік шаралары

Аспаппен жұмыс жасамас бұрын нұсқаулықпен танысыңыз.

- Аспаппен жұмыс жасамас бұрын нұсқаулықпен танысыңыз.
- Аспапты бұрыс пайдалану, аспапты зақымдауға, өлшеу нәтижелерінің дәлдігіне әсер етуі немесе денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.
- Құралды бөлшектемеңіз немесе модификациялау жұмыстарын жасамаңыз.
- Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Сәулені өз көзіңізге немесе басқа адамдарға, сондай-ақ қатты шағылысатын беттерге (мысалы, айнаға) бағыттауға қатаң тыйым салынады.
- Жұмыс істеп тұрған аспап электромагниттік сәуле шығарады, сондықтан оны ұшақтарда, медициналық жабдықтың жанында, сонымен қатар жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын объектілердің жанында пайдаланбаңыз.
- Аспапты немесе аккумуляторларды тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз, оларды дұрыс кәдеге жаратыңыз.
- Сұрақтар туындаған кезде өндірушіге немесе дилерге хабарласыңыз. Сізге оңтайлы шешім ұсынатын болады.


## 2. Батарейаларды орнату және ауыстыру



Аспаптың артқы жағындағы батарея бөлімінің қақпағын ашыңыз. Полярлықты сақтай отырып, батареяларды салыңыз, содан кейін қақпақты жабыңыз. Бұл аспапқа AAA типті, 1,5 В қуат элементтері сәйкес келеді.



Егер дальномерді ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, батареялардың ағып кетуін немесе аспаптың істен шығуын болдырмау үшін оларды шығарып тастауды ұсынамыз.

### 3. Интерфейс




## 4. Жұмысты бастау

### Аспапты іске қосу және өшіру.

Аспапты қосу үшін түймешікті  . Аспапты өшіру үшін түймешегін  3 сек бойы ұстап тұрыңыз.150 сек. Кейін автоматты түрде өшеді.

## 5. Өлшем бірліктерін орнату

 түймешігін ұзақ басу өлшем бірліктерін ауыстырады. Әдепкі бойынша 0,000 м. орнатылған.

	Қашықтық	Аудан	Көлем
1	0,000 м	0,000м <sup>2</sup>	0,000м <sup>3</sup>
2	0,00 м	0,00м <sup>2</sup>	0,00м <sup>3</sup>
3	0,00 фут	0.00фут <sup>2</sup>	0,00фут <sup>3</sup>
4	0,0 дюйм	0.00фут <sup>2</sup>	0,00фут <sup>3</sup>

## 6. Өлшеулердің бастапқы нүктесі


Аспапта тек бір ғана бастапқы (санақ) нүктесі көзделген - аспаптың төменгі жағынан.

## 7. Жарықтандыруды қосу/сөндіру




Аспап іске қосылып тұрған кезде жарықтандыруды активациялау үшін кез келген түймешікті басыңыз. Зарядты сақтау үшін 15 сек әрекетсіздіктен кейін жарықтандыру сөндіріледі.

## 8. Өлшеу режимдері


### Қашықтықты қарапайым өлшеу


Өлшеу режиміне кіру үшін  түймесін басыңыз. Лазер сәулесі қосылады. Қашықтықты өлшеу үшін түймешекті тағы бір рет басыңыз, өлшеу нәтижесі экранда пайда болады  
өлшеу қашықтығын ұлғайту үшін немесе өлшеніп жатқан объектіні шағылыстандыру қасиеттері нашар болса нысананы пайдаланыңыз.



### Қашықтықты үздіксіз өлшеу

Үздіксіз өлшеу режиміне кіру үшін  түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Экранда жыпылықтайтын индикатор пайда болады. Кіру үшін  немесе  басыңыз.

### Ауданды өлшеу


Түймешікті  басыңыз. Экранда тікбұрыш индикаторы пайда болады. Өлшеу жүргізу үшін индикатордың нұсқауларын орындаңыз.

Бірінші өлшем үшін (ұзындық)  түймешегін басыңыз.

Екінші өлшем үшін (ені)  түймешегін басыңыз. Аспап автоматты түрде ауданды есептейді. Нәтиже дисплейде көрсетіледі. Бұл режимнен шығу үшін  басыңыз



## Көлемді өлшеу


 түймешігін екі рет басыңыз. Экранда параллелепипед индикаторы пайда болады. Өлшеу жүргізу үшін индикатордың нұсқауларын орындаңыз.

Бірінші өлшем үшін (ұзындық)  түймешегін басыңыз.

Екінші өлшем үшін (ені)  түймешегін басыңыз.

Екінші өлшем үшін (биіктік)  түймешегін басыңыз.

Аспап автоматты түрде көлемді есептейді. Нәтиже дисплейде

көрсетіледі. Бұл режимнен шығу үшін  басыңыз.

## 9. Пайда болуы мүмкін проблемалар, олардың себептері мен шешу жолдары

Қате туралы барлық хабарламалар экранда сандық кодпен немесе Еггог сөзімен көрсетіледі.

Қате коды	Себебі	Ықтималды шешім
Err1	Шағылысқан сигнал тым әлсіз	Сәулені (аспапты) жақсы шағылыстыратын бетті нысанаға келтіріңіз немесе шағылысатын нысанды қолданыңыз.
Err2	Шағылысқан сигнал тым күшті	Сәулені (аспапты) әлсіз шағылыстыратын бетті нысанаға келтіріңіз немесе шағылысатын нысанды қолданыңыз.
Err3	Батарея зарядының деңгейі төмен	Батареяларды ауыстырыңыз
Err4	Жұмыс істеу температурасының диапазоннан шығу	Өлшеуді тиісті температурада жағдайында жүргізіңіз
Err5	Жад қателігі	Сатушыға немесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз

## 10. Техникалық сипаттамалары

Өлшеу диапазоны *	D30 – 30 м. D50 – 50 м.
Өлшеу дәлдігі	± 2 мм
Лазер типі	635 нм, <1 мВт
Үздіксіз өлшеу режимі	+
Ауданды / көлемді өлшеу	+
Аспаптың автоматты түрде өшірілуі	150 сек
Батареяның қызмет ету мерзімі	6000 өлшемге дейін
Сақтау температурасы	От -20 С° до +60 С°
Жұмыс температурасы	От 0°С до + 40 °С
Сақтау кезіндегі ылғалдылық	85%
Пайдаланылатын батарея түрі	1,5 В 2хAAA
Өлшемдері	103 x 46 x 26 мм

\* Күн сәулесі кезінде немесе өлшенетін бет нашар жарық шағылыстыратын сипаттамаға ие болса, өлшенетін қашықтықты ұлғайту үшін арнайы нысанды пайдаланыңыз.

## 11. Жинақ

Дальномер, ААА×2 батарейкалары, нұсқаулық, қап, бау (қолға), буып-түю (орау).

**EAC**

[www.rgk-tools.com](http://www.rgk-tools.com)